



**ASFENDIYAROV
UNIVERSITY 1930**

**«С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ-ы**

**АНЫҚТАМАЛЫҚ-ЖОЛСЕРІК
«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ-ы
РЕЗИДЕНТ-ДӘРІГЕРЛЕРІ ҮШІН**

Алматы қ., 2025



МАЗМҰНЫ

	«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ-ның миссиясы мен пайымы	3
1.	Кіріспе	4
1.1	Резидентураның білім беру бағдарламалары	6
1.2	ҚазҰМУ-дің клиникалық базалары	7
2.	ҚазҰМУ резидентурасында оқу қағидалары	8
2.1	ҚазҰМУ клиникалық базаларында жұмыс істеуге рұқсат алу тәртібі	8
2.2	Резидент дәрігерлердің сыртқы түріне қойылатын талаптар	9
2.3	Кіріспе нұсқама	9
2.4	ҚазҰМУ резидентурасында оқу процесін ұйымдастыру	9
2.5	Сабаққа қатысуға қойылатын талаптар	10
3.	Резидент-дәрігерлерді ағымдағы, аралық, жылдық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру	10
3.1	Резидент-дәрігерге ағымдағы бағалау жүргізу тәртібі	11
3.2	Резидент-дәрігерді аралық аттестаттаудан өткізу тәртібі	11
3.3	Резиденттерді жылдық аттестаттаудан өткізу тәртібі	12
3.4	Резидент дәрігерді қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібі	12
3.5	Білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алу	13
4.	Курстан курсқа көшіру, бір ұйымнан екіншісіне ауыстыру, академиялық демалыс беру	13
4.1	Курстан курсқа көшіру	13
4.2	Резидент-дәрігерлерді ауыстыру және қалпына келтіру	13
4.3	Резидент-дәрігер санатына қайта қабылдау	13
4.4	Академиялық демалыс беру/одан шығу	14
5.	Резидент-дәрігерлердің аймақтық оқуы	15
6.	Академиялық ұтқырлық	17
7.	Ақпараттық ресурстар мен кітапханаларға қол жетімділік	18
8.	Медициналық сақтандыру, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы	19
9.	Әлеуметтік көмек	19
10.	Резидент-дәрігердің міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі	19
10.1	Резидент-дәрігердің міндеттері	19
10.2	Резидент-дәрігердің құқықтары	20
10.3	Резидент-дәрігердің жауапкершілігі	20
11.	Университеттен шығару тәртібі	21
	1 қосымша	23
	2 қосымша	23
	Дипломнан кейінгі білім беру факультеті қызметкерлерінің байланыс деректер	24
	ҚазҰМУ мен деканаттың орналасқан мекенжайлары	24



С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті КЕАҚ-ның миссиясы мен болашағы

Миссиясы

Озық білім беру, ғылыми және медициналық технологияларды ықпалдастыру негізінде бәсекеге қабілетті денсаулық сақтау мамандарын даярлау арқылы қоғамға қызмет ету.

Пайымы

Денсаулық сақтау мен ғылымның академиялық жүйесі қағидаттарында үздіксіз дамып келе жатқан студентке бағдарланған инновациялық университет, онда адамдардың денсаулығы мен денсаулығы туралы білімді генерациялау, беру және пайдалану үшін бір құндылықтарды бөлісетін кәсіпқойлар күш біріктіреді.





1. Кіріспе

1930 жылы Алматы қаласында еліміздің алғашқы медициналық институты ашылды, оның директоры болып Санжар Жапарұлы Асфендияров тағайындалды. 1989 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қаулысымен институтқа С.Ж.Асфендияров есімі берілді.

2001 жылы Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Жекелеген мемлекеттік жоғары оқу орындарына ерекше мәртебе беру туралы» 2001 жылғы 5 шілдедегі № 648 Жарлығымен ЖОО Қазақ ұлттық медицина университеті мәртебесін алды.

«С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ-ы резиденттерді даярлау үшін зор әлеуетке ие: тәжірибелі жоғары білікті профессорлық-оқытушылар құрамы және Қазақстанның медициналық жоғары оқу орындары арасында клиникалық базалардың саны ең көбі болып саналады.

ҚазҰМУ әр түрлі деңгейдегі ауруханалық мекемелермен, оның ішінде 111 емхана, 47 стационар, 6 перзентхана, жеке клиникалар мен бес ғылыми-зерттеу институттарын қамтитын клиникалық базалармен қамтамасыз етілген: А.Н.Сызғанов атындағы хирургия ғылыми орталығы, Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты, Қазақ кардиология және ішкі кардиология ғылыми-зерттеу институты, Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы, Акушерлік, гинекология және перинатология ғылыми орталығы.

Осының бәрі ҚазҰМУ-дің білім алушыларына түрлі медициналық мамандықтарда клиникалық тәжірибенің кең қамтуға мүмкіндік береді.

«С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ-ның басшылары



Басқарма төрағасы - Ректор
Шоранов Марат Едігеұлы



Бірінші проректор
Кайдарова Диляра Радикқызы



Клиникалық блок жөніндегі проректор
Сұлтанғазиева Светлана Елеусізқызы



Академиялық блок жөніндегі проректор
Қалматаева Жанна Амантайқызы



Әлеуметтік жұмыс және
цифрландыру жөніндегі проректор
Датхаев Убайдилла Махамбетұлы



Ғылыми блок жөніндегі проректор
Фахрадиев Ильдар Рафисұлы



Дипломнан кейінгі білім беру факультетінің деканы
Баймаханов Абылай Ниятұлы

Резидентураның білім беру бағдарламалары бойынша оқу процесін ұйымдастыруды С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дің дипломнан кейінгі білім беру факультеті іске асырады.

Факультет қызметінің негізі еліміздің денсаулық сақтау жүйесі үшін жоғары білікті бәсекеге қабілетті медицина кадрларын, дәрігер-резиденттерді даярлау мақсатында практикаға бағдарланған білім беру процесін ұйымдастыру болып табылады.

Резидентураның барлық білім беру бағдарламалары аккредитациядан өтіп, Қазақстанда жетекші деп танылды, біздің түлектер жоғары білікті мамандар ретінде сұранысқа ие.

1.1 ҚазҰМУ резидентурасының білім беру бағдарламалары

Резидентура - клиникалық мамандықтар бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі тереңдетілген медициналық білім алу түрі. Резидентураның кәсіптік оқу бағдарламасын меңгеру клиникалық мамандықтар бойынша жоғары медициналық білім алған, «дәрігер» біліктілігінің болуын көрсететін құжаты бар азаматтарды клиникалық практикаға жіберудің міндетті шарты болып табылады. Резидентурада оқу негізгі жұмыс орнынан қол үзіп жүзеге асырылады. Резидентураның білім беру бағдарламасын оқыту ұзақтығы мамандығына байланысты 2 жылдан 4 жылға дейін құрайды. Резидентурада оқу мерзімі дәрігердің еңбек өтіліне және мамандығы бойынша жұмыс өтіліне есептеледі.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша резидентурада оқытындарға тиісті нормативтік құжаттарда белгіленген мөлшерде резидентурада оқудың барлық кезеңі үшін стипендия төленеді.

Дипломнан кейінгі білім беру факультеті резидентураның 46 білім беру бағдарламасы бойынша оқу процесін іске асырады.

№	Резидентураның білім беру бағдарламаларының атауы	Оқу мерзімі
1.	Акушерия және гинекология (ересектер, балалар)	3 жыл
2.	Аллергология және иммунология (ересектер, балалар)	2 жыл
3.	Ангиохирургия (ересектер, балалар)	4 жыл
4.	Анестезиология және реаниматология (ересектер, балалар)	3 жыл
5.	Гастроэнтерология (ересектер, балалар)	2 жыл
6.	Гематология (ересектер)	2 жыл
7.	Дерматовенерология (ересектер, балалар)	2 жыл
8.	Балалар хирургиясы	3 жыл



9.	Жұқпалы аурулар (ересектер, балалар)	2 жыл
10.	Кардиология (ересектер, балалар)	3 жыл
11.	Кардиохирургия (ересектер, балалар)	4 жыл
12.	Клиникалық фармакология	2 жыл
13.	Медициналық генетика	2 жыл
14.	Неврология (ересектер, балалар)	2 жыл
15.	Нейрохирургия (ересектер, балалар)	4 жыл
16.	Неонатология	2 жыл
17.	Жедел медицина (ересектер, балалар)	3 жыл
18.	Нефрология (ересектер, балалар)	2 жыл
19.	Жалпы хирургия	3 жыл
20.	Онкология (ересектер)	2 жыл
21.	Онкология және гематология (балалар)	2 жыл
22.	Онкология радиациялық	2 жыл
23.	Онкология химиотерапиялық	2 жыл
24.	Ортодонтия	2 жыл
25.	Ортопедиялық стоматология	2 жыл
26.	Оториноларингология (ересектер, балалар)	3 жыл
27.	Офтальмология (ересектер, балалар)	3 жыл
28.	Патологиялық анатомия	2 жыл
29.	Педиатрия	2 жыл
30.	Пластикалық хирургия (ересектер, балалар)	4 жыл
31.	Психиатрия (ересектер, балалар)	2 жыл
32.	Пульмонология (ересектер, балалар)	2 жыл
33.	Радиология	2 жыл
34.	Ревматология (ересектер, балалар)	2 жыл
35.	Отбасылық медицина	2 жыл
36.	Балалар жасындағы стоматология	2 жыл
37.	Сот-медициналық сараптама	2 жыл
38.	Терапия	2 жыл
39.	Терапиялық стоматология	2 жыл
40.	Травматология-ортопедия (ересектер, балалар)	3 жыл
41.	Урология және андрология (ересектер, балалар)	3 жыл
42.	Физикалық медицина және оңалту (ересектер, балалар)	2 жыл
43.	Фтизиатрия (ересектер, балалар)	2 жыл
44.	Хирургиялық стоматология	2 жыл
45.	Жақ-бет хирургиясы (ересектер, балалар)	3 жыл
46.	Эндокринология (ересектер, балалар)	2 жыл

1.2 ҚазҰМУ резидентурасының клиникалық базалары

ҚазҰМУ дәрігер-резиденттері ҚазҰМУ клиникалық базаларында іске асырылатын заманауи инновациялық технологияларды үйренуге, отандық және шетелдік мамандар өткізетін шеберлік сыныптарына қатысуға; қазіргі заманғы жоғары технологиялық жабдықтарда жұмыс істеу, клиникалық бейіндегі жоғары сыныпты мамандардан оқыту, ғылыми-зерттеу қызметіне қатысуға мүмкіндік береді. Дәрігер-резиденттерді даярлау 164 клиникалық базада - республикалық деңгейден аудандық деңгейге дейін жүргізіледі, бұл денсаулық сақтаудың кез келген буыны жағдайында әмбебаптық пен жұмысқа дайындықты қалыптастырады



2. ҚазҰМУ-дің резидентурасында оқу қағидалары

2.1 ҚазҰМУ-дің клиникалық базаларында жұмыс істеуге рұқсат алу

тәртібі

ҚазҰМУ резидентурасына түскен кезде резидент дәрігер ҚазҰМУ клиникалық базаларында жұмыс істеуге рұқсат алуға құқық беретін дербес санитариялық кітапшаны ресімдеуге міндетті.

ҚР ДСМ НҚА сәйкес медициналық тексеруден өту үшін қажетті мамандар мен талдаулар тізбесіне мыналар кіреді:

Дәрігерлік тексеру:

- 1) Терапевт;
- 2) Флюорография,
- 3) АИТВ-ға тексеру;
- 4) В гепатиті егулерінің болуы (үш реттік вакцинация);
- 5) Дерматовенеролог + мерезге тексеру;
- 6) Патогенді стафилококкты тасымалдауды тексеру;
- 7) Дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, А және В паратифтері қоздырғыштарын тасымалдаушылыққа тексеру;
- 8) Гельминт жұмыртқаларына тексеру;
- 9) «В» және «С» вирустық гепатитінің маркерлеріне тексеру.

09.11.2022 жылғы № 36-нқ бұйрықтың негізінде АИТВ-ға, В және С вирусты гепатитінің маркерлеріне тексеру 10 күннен аспайтын мерзімге РДО клиникалық-диагностикалық зертханасында/Қан орталығында/ЖИТС орталығында жүргізілуі тиіс.



2.2 Резидент-дәрігердің сыртқы түріне қойылатын талаптар:

Болуы қажет:

- 1) хирургиялық костюм;
- 2) хирургиялық костюмнің үстінен медициналық халат;
- 3) жалпақ табанды жабық ауысымдық аяқ киім;
- 4) атаулы бейдж;

- Қандай да бір түрде науқасты зақымдауы мүмкін аксессуарларды немесе зергерлік бұйымдарды киюге рұқсат етілмейді;
- тырнақтар қысқа алынған, лакталмаған болуы тиіс;
- шашты тығыз бұрым қылып жинау немесе қалпақтың астына жасыру керек.

2.3 Кіріспе нұсқау

Резидентурада оқуды бастар алдында резидент- дәрігер кіріспе нұсқау өтуге міндетті, оған:

- 1) клиникалық базаның ішкі тәртіп ережелері
- 2) науқастардың қауіпсіздігі жөніндегі халықаралық мақсаттар;
- 3) қауіпсіздік бойынша кодтар;
- 4) келеңсіз жағдай туралы есеп;
- 5) өрт қауіпсіздігі және ТЖ әзірлігі.
- 6) дәрілік препараттармен жұмыс істеу қағидалары.

Жоғарыда көрсетілген талаптар сақталмаған жағдайда, ҚазҰМУ клиникалық базаларын инфекциялық бақылауға жауапты құрылымдық бөлімшелер резидент дәрігерді одан әрі жұмыс істеуге жібермеуге құқығы бар.

2.4 ҚазҰМУ резидентурасында оқу процесін ұйымдастыру

Университет білім алушылар мен ПОҚ-ның оқудың барлық материалдық ресурстарына қолжетімділігін қамтамасыз етеді: кітапхана, зертханалар, аудиториялар, ғылыми-сынақ зертханалары, оқытудың техникалық құралдары, спорт залдары, асханалар, буфеттер және білім беру процесінде пайдаланылатын басқа да ресурстармен қамтамасыз етеді.

Резидентурада оқу процесін ұйымдастыру академиялық күнтізбе, оқу сабақтары мен силлабустардың кестесі негізінде жүзеге асырылады.

Резидентурадағы оқу жылы бір академиялық кезеңнен тұрады. Резидентурадағы академиялық кредиттердің көлемі бір оқу жылында 70 кредиттен аспауы тиіс, бір академиялық кредит 30 академиялық сағатқа тең. Әрбір академиялық кезең аралық аттестаттаумен және бітіру курсына қорытынды аттестаттаумен аяқталады.

Білім алушыларға жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) қалыптастыру пәндерге тіркеу кезінде ББ оқу жоспарлары негізінде және білім алушылар оқытудың жеке траекториясын қалыптастыратын элективті пәндерді таңдаған кезде жүзеге асырылады.

Резидентураға қабылдау кезінде бұйрық шығарылады және академиялық топтар құрылады. Резидентурада олардың жалпы кәсіптік практикадан өтуі шеңберінде даярлау клиникалық тәлімгердің бақылауымен жүзеге асырылады.

Резидент дәрігерді оқыту мынадай түрде ұйымдастырылады:



- 1) оқу аптасының ұзақтығы - 5 күн;
- 2) резидент дәрігердің күнделікті жұмысының басталуы - 8.00;
- 3) күнделікті жұмыстың аяқталуы - 17.00;

Резидентурада даярлау аудиторлық жұмысты (20%), тәлімгердің басшылығымен өзіндік жұмысты (ТБӨЖ - 50%) және білім алушының өзіндік жұмысын (БӨЖ - 30%) қамтиды. Аудиториялық жұмыс оқытушымен теориялық оқытуды, ТБӨЖ - клиникалық тәлімгердің бақылауымен теориялық және практикалық оқытуды, БӨЖ - теориялық материалды практикалық жолмен меңгеру және бекіту бойынша өзіндік жұмысты, ғылыми жұмыс жүргізуді қамтиды.

Бөлімшеде жұмыс істеген кезде дәрігер-резидентке бір мезгілде 5-тен аспайтын науқасты қарауға тапсырады және айына төрт кезекшілік тағайындайды. Кезекшілік саны жүктілік кезінде және бала 6 айдан кіші болған кезде екіге дейін азаяды. Резидент-дәрігер ҚазҰМУ-дің резидентура бағдарламасының оқу процесінің бөлігі болып табылатын зерттеу жұмысын жүргізеді.

Оқу бағдарламасын аяқтаған резидент-дәрігер қорытынды аттестаттауға (ҚА) жіберіледі, оның мақсаты резидентура бағдарламасы аяқталғаннан кейін қол жеткізілген оқу нәтижелері мен құзыреттерін бағалау болып табылады.

Резидентураның білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған және ҚА-дан табысты өткен адамдарға тиісті резидентура мамандығы бойынша «дәрігер» біліктілігі беріледі және резидентураны бітіргені туралы куәлік тегін беріледі.

2.5. Сабаққа қатысуға қойылатын талаптар.

Оқу сабақтарына қатысуды есепке алуды оқытушы электрондық журналда Университет АЖ QR коды арқылы баруды бақылау жүйесімен және студенттің қатысу мәртебесімен белгілейді.

Дәлелді себеппен:

- 1) медициналық анықтамамен расталған ауру;
- 2) іссапар туралы бұйрықпен расталған спорттық жарыстарға, олимпиадаларға, конкурстарға, конференцияларға және басқа да имидждік іс-шараларға қатысу;
- 3) деканның бұрыштамасы бар алдын ала берілген өтініш болған кезде отбасылық және басқа да мән-жайлар жатады.

Науқастануы бойынша семестр күндерінің жалпы санының 1/3 астамын өткізген кезде резидент академиялық демалыс беру мүмкіндігі үшін тіркелген жері бойынша медициналық ұйымнан дәрігерлік-бақылау комиссиясынан (ДБК) медициналық қорытынды ұсынуы қажет.

3. Резидент-дәрігерлерге ағымдағы, аралық, жылдық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру.

Резидент дәрігердің жетістіктерін көрсететін құжаттар:

- 1) сабаққа қатысу журналы
- 2) пән бойынша ведомостар
- 3) резидент дәрігердің портфолиосы.

Резиденттердің білімі мен дағдыларын ағымдағы бағалау үшін пәндер силлабустарында ұсынылған бағалау парақтары пайдаланылады. Оқытушылар оқу стратегиясын түзету және берік білім мен дағдыларды қалыптастыру үшін бағалар бойынша кері байланыс береді. Резидентурада оқыту – оқытудың тиімділігін



арттыру, әмбебап білім мен дағдыларды қалыптастыру және түлектерді дербес қызметке барынша дайындау үшін жұмыс оқу жоспарына (ЖОЖ) сәйкес клиникалар мен бөлімшелер бойынша резиденттерді ротациялауды көздейді.

3.1. Резидент-дәрігерге ағымдағы бағалау жүргізу тәртібі.

Пәндер бойынша тапсырмаларды бағалаудың мазмұны, өлшемдері мен мерзімдері силлабуста айқындалған. Ағымдағы бағалауды қою кезінде жұмыстың барлық түрлері, оның ішінде практикалық дағдыларды игеру, бөлімшелердегі кезекшілік және т.б. ескеріледі. Ағымдағы бағалар сабаққа қатысу және үлгерім журналына енгізіледі.

Резидент-дәрігерді бағалау оқу процесінің негізгі қағидаты болып табылатын академиялық адалдық қағидаттарына негізделеді.

Оқу жетістіктері халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйеге сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша бағаланады (оң бағалар төмендеуіне қарай «А» - дан «D» -ға дейін, «қанағаттанарлықсыз» - «F»).

3.2. Резидент-дәрігерді аралық аттестаттау.

Резидент-дәрігерлерді аралық аттестаттауға жіберу – жіберу рейтингі негізінде жүзеге асырылады. Бұл рұқсат Университеттің ақпараттық жүйесімен (АЖ) жүзеге асырылады. Пән бойынша аттестаттауға жіберу рейтингі кемінде 50% -ды құрауы тиіс.

Аралық аттестаттауға ОЖЖ, ЖОЖ, портфолио талаптарына сәйкес академиялық кезеңді аяқтаған және оқуға ақы төлеу бойынша берешегі жоқ резидент дәрігерлер жіберіледі.

Резидент-дәрігерлерді аралық аттестаттау академиялық күнтізбеде көзделген мерзімде және жұмыс оқу жоспарларында бекітілген түрде жүзеге асырылады. Жеке кесте бойынша аралық аттестаттауды тапсыру баланың науқастануы, тууы, жақын туыстарының қайтыс болғаны туралы растайтын анықтама ұсынылған жағдайда рұқсат етіледі.

Қорытынды бақылау бір немесе бірнеше кезеңнен тұруы мүмкін. Қорытынды бақылаудың әрбір кезеңінің үлес салмағы силлабуста жазылады. «FX» («қанағаттанарлықсыз») деген баға алған кезде бекітілген академиялық күнтізбеге сәйкес оқу пәні бағдарламасынан бір рет қана қайта тапсыруға жол беріледі.

Аралық аттестаттау нәтижелері бойынша резидент- дәрігер академиялық рейтингке қол жеткізген жағдайда бір академиялық кезеңнен келесісіне ауыстырылады. ЖОЖ талаптары орындалмаған, белгіленген ауыстыру балына қол жеткізілмеген кезде резидент жазғы семестрден өтпей қайта оқу жылына қалдырылады. Қайта оқу жылы ақылы негізде ұйымдастырылады.

Бір академиялық кезеңнен екіншісіне ауысқан кезде білім алушының жеке оқу жоспарын, силлабуста көрсетілген чек парақтарын, ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындаудың бағалау парағын, ғылыми жарияланымдарды қамтитын резиденттің портфолиосы бағаланады (болған жағдайда), сертификаттардың немесе оқудан өткені туралы куәліктердің, тренингтердің, шеберлік сыныптарының, ғылыми-практикалық конференцияларға барудың көшірмелері, оның айналасындағы



резидентке сипаттама беретін 360 градусқа бағалау парағы (оқытушы, тәлімгер, науқас және т.б.) және резидент дәрігерге клиникалық тәлімгердің мінездемесі (практикадан өту кезінде).

3.3. Резиденттерді жылдық аттестаттаудан өткізу тәртібі.

Жыл сайын оқу жылы аяқталғаннан кейін резидент дәрігер ЖОЖ-ды орындау мәніне жылдық аттестаттаудан өтеді (теориялық оқыту, практикалық оқыту, ғылыми-зерттеу жұмысы).

Жылдық аттестаттауды ғылыми жетекшілер қатарынан тұратын жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деканы бекіткен Комиссия өткізеді.

Жылдық аттестаттау кезінде бір жылда өткен пәндер бойынша практикалық дағдылар мен теориялық білімдерді меңгеру нәтижелеріне талдау жүргізіледі, резидент портфолионы қорғайды және ғылыми қызмет бойынша жазбаша есеп береді, оған басылған немесе баспасөзге берілген мақалалар, баяндамалардың тезистері, сондай-ақ конференцияларға, дөңгелек үстелдер мен семинарларға қатысу сертификаттары қоса беріледі.

Аттестаттау нәтижелері «аттестаттау/аттестатталмау» деп бағаланады отырыс хаттамасымен ресімделеді. Қажеттілігіне қарай құзыреттерді игеру барысына түзету жүргізіледі.

3.4. Резидент-дәрігерді қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібі.

Қорытынды аттестаттаудың оң нәтижелері білімі туралы құжатты және денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатын алуға құқық береді.

Резидентура түлектерінің кәсіби даярлығын бағалауды ҚР ДСМ 2020 жылғы 11 желтоқсандағы «Білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау, денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары түлектерінің және денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіби даярлығын бағалау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы негізінде ҚР ДСМ Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы жүргізеді. Резидент дәрігерлерді бағалау университет қаражаты есебінен ақылы негізде жүргізіледі.

Бірінші кезеңнен қанағаттанарлықсыз бағасын алған резидент-дәрігер дағдыларды бағалаудың екінші кезеңіне жіберілмейді.

Қорытынды аттестаттау ЖОЖ, ЖОЖ талаптарына сәйкес ҚазҰМУ резидентурасында оқытудың толық курсы аяқтаған кезде жүргізіледі. Оқу процесінің талаптары орындалмаған жағдайда, резидент жазғы семестрден өтпей ақылы негізде қайта оқу курсына қалады.

ҚА екі кезеңде жүзеге асырылады:

- 1) білімді бағалау (компьютерлік тестілеу);
- 2) ситуациялық тапсырмаларды орындау кезінде компьютерлік және симуляциялық технологияларды пайдалана отырып дағдыларды бағалау (кейс-тестинг).

Бітірушілердің кәсіби даярлығын бағалау нәтижесі екі кезеңнен жинақталады және орташа арифметикалық сан ретінде шығарылады.

Апелляциялық комиссия қараған білім алушыларды бағалау нәтижелерінің қорытынды хаттамасы апелляциялық комиссияның отырысынан кейінгі күні ұсынылады.



Апелляцияны ескере отырып, бағалаудың қорытынды нәтижелері білім алушының ИСО-дағы жеке кабинетінде бейнеленеді және денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарына есеп түрінде ұсынылады.

Емтихан бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған резидент-дәрігер ҚазҰМУ басшысының немесе ол уәкілеттік берген тұлғаның бұйрығымен резидентурадан шығарылады.

3.5. Білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алу.

Оқудың барлық кезеңі ішінде білім алушылардың оқу жетістіктерінің тарихын Тіркеуші Кеңсесі (ТК) жүргізеді және транскриптте белгілейді. Транскриптке қайта емтихан тапсырудың оң нәтижелерін қоса алғанда, білім алушының барлық қорытынды бағалары жазылады.

Оқуды аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан ойдағыдай өткен адамдарға тиісті мамандық бойынша резидентураны бітіргені туралы куәлік беріледі.

4. Курстан курсқа, бір ұйымнан екіншісіне ауыстыру, академиялық демалыс беру.

4.1 Курстан курсқа көшіру.

Резидент-дәрігерді курстан курсқа көшіру ҚазҰМУ басшысының немесе ол уәкілеттік берген тұлғаның бұйрығы негізінде аралық және жылдық аттестаттау қорытындылары бойынша жүзеге асырылады.

Резидентураның барлық білім беру бағдарламалары бойынша курстан курсқа кезекті оқу жылына көшу балы жыл сайын Академиялық кеңестің шешімімен бекітіледі. Курстан курсқа көшу үшін үлгерімнің орташа балы (GPA) 2-қосымшада берілген.

Академиялық берешегі бар резидент-дәрігерлер білім беру грантынан айыра отырып, ақылы негізде қайта оқу жылына қалады.

4.2. Резидент-дәрігерлерді басқа ЖОО-ға(дан) ауысуы және қайта қабылдау.

Резидент-дәрігерлер жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымынан екіншісіне ауысуы және қайта қабылдауы мүмкін және ол жазғы каникул кезеңінде ақылы негізде жүзеге асырылады. Резидент дәрігер академиялық кезең толық аяқталған жағдайда ауыстырылады/қайта қабылданады. Резидент дәрігерді ауыстыру/қайта қабылдау кезінде университет білім беру бағдарламасының бейінін, оқу жетістіктерін, сондай-ақ резидент-дәрігердің академиялық адалдығын бұзу жағдайларын ескереді.

Оқу нәтижелерін тану және игерілген кредиттерді қайта тапсыру проректордың бұйрығымен құрылған тиісті комиссия білім беру бағдарламаларын оқыту нәтижелерін салыстыру негізінде жүзеге асырылады.

Академиялық адалдықты бұзғаны үшін оқудан шығарылған резидент дәрігерді ауыстыру/қайта қабылдау мүмкін емес.



4.3. Резидент-дәрігер санатына қайта қабылдау.

Резидент-дәрігер оқудан шығару мерзімінің ескіруіне қарамастан ақылы негізде Университетке қайта қабылдануға құқылы. Қайта қабылдаудың міндетті шарты оның жеке оқу жоспарына сәйкес бірінші академиялық кезеңді толық аяқтауы болып табылады. Университетке қайта қабылдау үшін резидент-дәрігер проректордың атына тиісті өтініш және қажетті құжаттар пакетін береді. Игерілген кредиттерді қайта есептеу жөніндегі комиссияның оң шешімі болған жағдайда резидент-дәрігердің жеке оқу жоспарымен (ЖОЖ) қайта қабылдау туралы бұйрық шығарылады.

Егер оқудан шығарудың себебі ақылы қызмет көрсету шартының талаптарын бұзу және оқу үшін уақтылы төлемеу болып табылса, онда қаржылық берешек өтелген жағдайда резидент-дәрігер оқуға түсетін жылға білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген талаптармен оқудан шығарылған күннен бастап төрт апта ішінде осы курста оқитындар қатарына қайта қабылданады (бұрын ҚазҰМУ-де оқығандар резидент-дәрігерлер үшін).

Түлектердің кәсіби даярлығын бағалаудан қайта өту үшін қайта қабылданатын резидент-дәрігер ЖОЖ-ға сәйкес ақылы негізде қайта қабылданады. Бітірушілердің кәсіби даярлығын бағалаудан қайта өту кезінде қанағаттанарлықсыз баға алған кезде дәрігер-резидентке бектілген үлгіге сәйкес анықтама беріледі.

4.4. Академиялық демалыс беру/одан шығу.

Академиялық демалыс Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес резидент-дәрігерлерге:

1) медициналық көрсеткіштер бойынша:

- амбулаториялық-емханалық ұйым жанындағы ұзақтығы 12 айға дейінгі дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы.

- туберкулезбен ауырған жағдайда ұзақтығы 36 айдан аспайтын туберкулезге қарсы ұйымның Орталық дәрігерлік-консультациялық комиссиясының шешімі;

2) бала үш жасқа толғанға дейін туған, асырап алған жағдайда;

3) әскери қызметке шақыру туралы шақыру қағазы негізінде беріледі.

Сондай-ақ резидент-дәрігерлерге жүктілігі және босануы бойынша демалыс беріледі, оның ішінде Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес мемлекеттік стипендия төленеді. Демалыс дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы болған кезде беріледі.

Егер резидент-дәрігер мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқыса, онда академиялық демалыс беру кезінде оның мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде одан әрі оқуға құқығы сақталады, бірақ оның оқуын қаржыландыру берілген академиялық демалыс кезеңіне (заңнамаға сәйкес стипендияға арналған шығыстарды қаржыландыруды қоспағанда) тоқтатылады және ол аяқталғаннан кейін қайта жаңартылады.

Бір дәрігер-резидентке берілетін академиялық демалыстардың саны заңнамамен шектелмейді.

Білім беру қызметтерін өтеулі көрсету шарты негізінде резидент-дәрігерге академиялық демалыс берілген кезде оқу үшін ақы төлеу академиялық демалыс кезеңіне тоқтатыла тұрады.



Академиялық демалыстан шыққан кезде резидент-дәрігер құжаттар пакетін ұсынады: ҚазҰМУ басшысының атына өтініш, денсаулық жағдайы туралы ДКК анықтамасы, әскери билеттің көшірмесі (егер академиялық демалыс әскери қызметпен байланысты болса), баланың туу туралы куәлігінің немесе бала асырап алу туралы құжаттың көшірмесі (бала күтімі бойынша академиялық демалыста болған кезде). Ұсынылған құжаттардың негізінде резидент-дәрігердің академиялық демалыстан шығуы туралы бұйрық шығарылады.

Академиялық демалыстан оралған кезде резидент-дәрігер осы демалысты өзі ресімдеген курстан оқуын жалғастырады. Егер академиялық демалыстан шығу немесе академиялық демалысқа шығу күні семестрдің басталуымен немесе аяқталуымен сәйкес келмеген жағдайда, резидент-дәрігер жеке кесте бойынша барлық оқу тапсырмаларын орындайды және жіберу рейтингі үшін қажетті баллдарды жинайды.

Бұйрықта көрсетілген мерзімде академиялық демалыстан оралмаған резидент-дәрігер оқу тәртібін бұзғаны үшін Университеттен шығарылады.

5. Резидент-дәрігерлерді аймақтарда оқыту

Резидентурада аймақтық оқыту (АО) білім беру ұйымдарындағы оқытуды білім беру ұйымының, медициналық ұйымның және резидент-дәрігердің тең жауапкершілігі жағдайында медициналық ұйымдардағы оқыту кезеңдерімен үйлестіреді.

Аймақтық оқытудың нысандары, мазмұны мен көлемі тиісті мамандық пен біліктілік бойынша білім беру бағдарламасымен және силлабустармен айқындалады.

АО кезеңінде резидент-дәрігер Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес медициналық ұйымның еңбек тәртібінің қағидаларын да, пән бойынша білім беру бағдарламасы мен силлабустың талаптарын да орындауы тиіс.

Аймақтық оқытуды ұйымдастыру процесіне қатысушылардың функциялары.

Медициналық ұйым:

- 1) АО өткізу мүмкіндігін анықтайды және жұмыс орындарын ұсынады;
- 2) Жасалған шартқа сәйкес білім беру бағдарламаларына сәйкес АО-ды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- 3) АО ұйымдастыру және өткізу үшін жауапты қызметкерді тағайындайды және клиникалық тәлімгерлерді бекітеді;
- 4) Жұмыс шарттарымен, нормативтік құқықтық актілермен және еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы жөніндегі заңнамада көзделген нұсқамалардың барлық түрлерімен және ұйымның жергілікті құжаттарымен танысуды жүргізеді.

Дәрігер-резидент:

- 1) Белгіленген оқу жоспарында АО-дың толық курсынан өтеді;
- 2) Жұмыс шарттарымен, осы саланы реттейтін нормативтік құқықтық актілермен, қауіпсіздік техникасымен және еңбекті қорғаумен танысады;
- 3) Оқу және өндірістік тәртіпті, ішкі еңбек тәртібінің ережелерін, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі талаптарды сақтайды;



4) АО өту туралы күнделікті жүргізеді және атқарылған жұмыс туралы клиникалық тәлімгерге есеп береді;

5) Университетте аралық және қорытынды аттестаттаудан өтеді.

Клиникалық тәлімгер:

1) Жұмыс оқу жоспарлары мен силлабустарға сәйкес оқытады;

2) дәрігер-резидентке берілген тапсырмалардың орындалуын бақылайды;

3) Резидент-дәрігер жіберген қателерді анықтайды және бірлесіп жояды, орын алған кемшіліктерді жоюға көмек көрсетеді;

4) Резидент-дәрігерден өндірістік қызметке байланысты мәселелер бойынша нұсқауларды орындауды талап етеді;

5) Дәрігер-резиденттен ауызша да, жазбаша да есеп беруді талап етеді;

6) Білім алушыға өндірістік қызметпен, корпоративтік мәдениетпен танысуға және кейінгі кәсіби дамуына, жұмыс орнында кәсіби қызметті бекітуге жәрдемдеседі; Ұйымның тікелей басшысының келісімімен резидент-дәрігерлерді оқыту үшін ұйымның басқа мамандарын қосымша тартады;

7) Басшылықтың алдында резидент-дәрігердің қалыпты еңбек қызметіне қажетті жағдайлар жасау туралы өтініш жасайды;

8) АО кезінде білім алушы үшін жауап береді;

9) Резидент-дәрігер туралы пікірін жазады.

Кафедра меңгерушісі:

Оқытушыларды резидент-дәрігерге бекітеді;

1)АО мақсаттары мен міндеттерін айқындай отырып, дәрігер-резиденттер үшін нұсқама (белгілеу конференциясы) ұйымдастырады және өткізеді;

2) Медициналық ұйымда АО бақылауды және клиникалық тәлімгерлердің жұмыс уақытын есепке алу табелін жүргізуді ұйымдастырады;

3) АО нәтижелері бойынша кафедрада пән бойынша межелік бақылау мен қорытынды бақылау жүргізуді қамтамасыз етеді;

4) Дуальды оқыту туралы есепті қорғауды ұйымдастырады;

5) Университетте аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыруға қатысады.

Оқытушы:

1) Білім беру бағдарламасына сәйкес резидент-дәрігердің барлық бақылау түрлерінің (ағымдағы, межелік, қорытынды бақылау) силлабусы мен бағалау нысандарын әзірлейді;

2) Дәрігер-резидентті және клиникалық тәлімгерді силлабуспен, бағалау нысандарымен қамтамасыз етеді;

3) Дәрігер-резиденттің медициналық ұйымға жетуіне бақылау жүргізеді;

4) Клиникалық тәлімгерлерге АО-ды іске асыруда уақтылы әдістемелік көмек көрсетеді;

5) Бекітілген дәрігер-резиденттің медициналық ұйымында АО-ға бақылау жүргізеді;

6) Клиникалық тәлімгердің ағымдағы бақылауды ресімдеуін бақылайды, ағымдағы бақылауды бағалауды электрондық журналға енгізеді;

7) АО нәтижелері бойынша межелік бақылау жүргізеді.



6. Академиялық ұтқырлық

Резидент-дәрігерлер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысуға құқылы.

Резидент-дәрігерлердің академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру Білім алушылардың академиялық ұтқырлығы туралы ереженің негізінде жүзеге асырылады.

Резидент-дәрігерлердің академиялық ұтқырлығы белгілі бір академиялық кезеңге оқу немесе зерттеу жүргізу үшін басқа жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) өздерінің ЖОКБҰ-да кредиттер түрінде игерілген білім беретін оқу бағдарламаларын міндетті түрде қайта тапсыра отырып немесе басқа ЖОКБҰ-да оқуды жалғастыру үшін жүзеге асырылады.

ЖОКБҰ әріптестерге академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысу үшін резидент-дәрігерлерді жіберу Академиялық ұтқырлық жоспарына сәйкес іске асырылады.

Ұтқырлық бағдарламасы бойынша басқа ЖОКБҰ-да болу кезеңін және кредиттерді кейіннен қайта тапсыра отырып, зерделеу пәндерінің тізбесін резидент-дәрігер деканатпен келісе отырып, ББ-ның оқу жоспарын және кестесін ескере отырып айқындайды.

Болған елден алған транскрипт немесе оның баламасы резидент-дәрігердің академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім беру іссапарынан өткенін растайтын қорытынды құжат болып табылады.



Бинали Йылдырым атындағы Эрзинджан университетіндегі академиялық ұтқырлық - Менгючек Гази оқу-зерттеу ауруханасы (Түркия, Эрзинджан қаласы).



«И.М.Сеченов атындағы бірінші Мәскеу мемлекеттік медицина университетіндегі» академиялық ұтқырлық



Томск қаласындағы «Сібір мемлекеттік медицина университетіндегі» академиялық ұтқырлық

7. Ақпараттық ресурстар мен кітапханаларға қол жеткізу

Резиденттер білім беру және ғылыми ресурстарға қолжетімділікпен қамтамасыз етіледі:

- 1) Университеттің кітапхана қоры (оқу, анықтамалық және ғылыми әдебиет);
- 2) электрондық дерекқорлар және халықаралық ресурстар (PubMed, Scopus, Web of Science, ClinicalKey және т.б.);
- 3) ұлттық ақпараттық ресурстар (Republican Center for Healthcare Development, Қазақстан ұлттық электрондық кітапханасы);
- 4) Университеттің ішкі электрондық ресурстары (ААЖ, оқу материалдарының репозиторийлері, бейнолекциялар, әдістемелік құралдар).



Ақпараттық ресурстарға қолжетімділік Университет жатақханасында да, қашықтықтан қосылу мүмкіндігімен онлайн форматта да қамтамасыз етіледі.

8. Медициналық сақтандыру, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы

1) Барлық резиденттер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес міндетті медициналық сақтандыруға жатады.

2) Университет клиникалық базалармен бірлесіп еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және инфекциялық бақылау нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді.

3) Резиденттер қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау және кәсіптік аурулардың алдын алу бойынша міндетті нұсқамадан (инструктаж) өтеді.

9. Әлеуметтік көмек

ҚазҰМУ-де жетім және мүгедек балаларға әлеуметтік көмек жатақханаларда тегін тұруға, сондай-ақ аз қамтылған және көп балалы отбасылардың резиденттеріне оқу ақысын төлеуге жеңілдіктер беріледі.

Білім алушыларға жатақхана беру заңнамамен және жоғары оқу орнының ішкі ережелерімен реттеледі, орындар бірінші кезекте азаматтардың жеңілдікті санаттарына (жетім балаларға, мүгедектерге), басқа қаладан келген студенттерге және одан кейін басқа да санаттарға беріледі. Білім алушылар өтініш пен құжаттар пакетін тапсыруы, сондай-ақ белгіленген тұру ережелерін сақтауы тиіс.

10. Резидент-дәрігердің міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі

10.1 Резидент-дәрігердің міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының медициналық мамандықтары бойынша резидентураның мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын, ОЖЖ және жұмыс оқу бағдарламаларын толық көлемде білуге;

2) резидент-дәрігер мен ҚазҰМУ арасындағы білім беру қызметтерін көрсету туралы шартқа сәйкес міндеттемелерді орындауға;

3) ЖОЖ-ды орындауға;

4) чек-параққа сәйкес өз құзыреті шегінде практикалық дағдыларды, манипуляцияларды орындауға;

5) кестеге сәйкес түнгі немесе күндізгі (демалыс және мереке күндері) кезекшілікке түсуге, кезекшіліктер бойынша есеп беруге;

6) қоғамдық іс-шараларға белсенді қатысуға;

7) ғылыми және зерттеу жұмысын орындауға;

8) ауруларды диагностикалау мен емдеудің ұлттық клиникалық хаттамаларын және стандартты операциялық рәсімдерді қолдануға;

9) сабақтар кешіктірілген немесе өткізілмеген жағдайда бұл туралы дереу, ауызша және/немесе жазбаша түрде клиникалық тәлімгер мен кураторға хабарлауға міндетті. Сабақты дәлелді себеппен өткізіп алған кезде деканатқа барлық растайтын құжаттарды көрсету;

10) кешіккен, себепсіз сабақты өткізіп алған, кезекшілікті өткізіп алған, резидент-дәрігерге инцидент жасаған және білім беру процесінің ішкі ережелерін өзге де бұзған жағдайда деканатқа түсініктеме жазуға міндетті;



- 11) резидент-дәрігердің портфолиосын қалыптастыруға;
- 12) бағдарламада көзделген тиісті пәндер бойынша емтихандар тапсыруға;
- 13) жыл сайын жүргізілген клиникалық және ғылыми-зерттеу жұмысы туралы толық есеп беруге;
- 14) тұрақты медициналық тексеруден өтуге;
- 15) кафедраға барлық қажетті құжаттарды, есептерді уақтылы тапсыруға;
- 16) резидентурада оқу бағдарламасын жыл сайынғы кешенді бағалауға қатысу;
- 17) ҚазҰМУ-дің мүлкіне ұқыпты қарауға және оны ұтымды пайдалануға міндетті.
- 18) оқытушыларға, қызметкерлерге, науқастар мен резиденттерге құрметпен және дұрыс қарау;
- 19) ақылы негізде оқу кезінде ақылы негізде білім беру қызметтерін көрсетуге арналған Шартта белгіленген тәртіппен оқу ақысын төлеуге міндетті.
- 20) резидент-дәрігердің сыртқы түріне ҚазҰМУ-дің талаптарын сақтауға;
- 21) Қазақстан Республикасының және ҚазҰМУ қолданылып жүрген заңдарында белгіленген тәртіппен санитарлық кітапшаны ресімдеуге;
- 22) оқыту алдында дәрілік препараттармен жұмыс істеу қағидалары, науқастардың қауіпсіздігі бойынша халықаралық мақсаттар, қауіпсіздік кодтары, инцидент туралы есептер, өрт қауіпсіздігі және төтенше жағдайға әзірлік бойынша кіріспе нұсқаулықтан өту.

10.2 Резидент-дәрігердің құқықтары:

- 1) осы Қағидалардың шарттарына сәйкес білім беру қызметтерін уақтылы алуға;
- 2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен басқа ұйымның резидентурасына оқуға ауысуға;
- 3) ғылыми жобаларға қатысуға, конгрестерге, конференцияларға, шеберлік сыныптарына және олардың кәсіби деңгейін арттыруға ықпал ететін басқа да іс-шараларға қатысуға;
- 4) ҚазҰМУ кітапханасы базасында оқу, оқу-әдістемелік әдебиеттер қорын пайдалану.
- 5) симуляциялық жабдықта практикалық дағдыларды пысықтау;
- 6) зерттеу жұмысының жетекшісін дербес таңдауға;
- 7) академиялық ұтқырлық шеңберінде басқа білім беру ұйымдарында жекелеген пәндерді, оның ішінде шетелдік пәндерді зерделеу. Игерілген кредиттер тиісті мамандықтың ОЖЖ бойынша есептеледі;
- 8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен академиялық демалысты ресімдеуге құқылы.

10.3 Резидент-дәрігердің жауапкершілігі:

- 1) Ақылы негізде оқу кезінде оқу ақысын төлемеген жағдайда резидент-дәрігер тиісті аттестаттауға жіберілмейді және ҚазҰМУ резидентурасынан шығарылады. Оқу үшін жинақталған қарыз ақша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өндіріліп алынады;
- 2) Сабақты өткізіп алған жағдайда резидент-дәрігер өткізіп алған сабақтарды өтеуге тиіс.



3) JCI стандарттарының талаптарын, бейінді бөлімшедегі мінез-құлық ережелерін, санитарлық-эпидемиологиялық ережелердің талаптарын, науқастардың қауіпсіздігі жөніндегі халықаралық мақсаттарды бұзумен байланысты тосын оқиғалар туындаған кезде ҚазҰМУ-дің резидент-дәрігері тосын оқиғаны талдау жөніндегі комиссияның хаттамалық шешімінің талаптарын орындауы тиіс.

4) Резидент-дәрігер науқастардың қауіпсіздігіне, медициналық құжаттаманы толтыруға, кезекшілік кезеңіндегі өз әрекеттеріне кәсіби жауапкершілікте болады.

11. Резидентурадан шығару тәртібі

Резидент-дәрігер Университеттен:

1) Академиялық үлгермеушілігі үшін:

- 9 ECTS және одан жоғары академиялық қарызы,
- қайта оқу жылынан бас тарту немесе резидент-дәрігердің академиялық кезең басталғанға дейін 5 күннен кешіктірмей ресімделген қайта оқу жылына кірісуге рұқсат беру туралы өтінішінің болмауы,
- қорытынды аттестаттау бойынша «қанағаттанарлықсыз» деген баға алуы,
- білім беру бағдарламасының талаптарын орындамаған, кешенді емтихан тапсырмаған жағдайда.

2) Жылдық аттестаттау кезінде «аттестаттаудан өтпеу» нәтижесін алған резидент дәрігерлер;

3) Қорытынды аттестаттау бойынша «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған;

4) Академиялық адалдық қағидаттары мен нормаларын бұзғаны үшін;

5) Оқу пәнін бұзғаны үшін;

6) Бұйрыққа сәйкес академиялық демалыстан көрсетілген мерзімде оралмаған кезде;

7) Шетелдік іссапардан 30 күн ішінде оралмаған кезде;

8) Оқу сабақтарын дәлелсіз себептермен жүйелі өткізіп алғаны және/немесе университетпен байланысын жоғалтқаны үшін (қатарынан 30 күнтізбелік күн);

9) Университет Жарғысын немесе өзге де ішкі нормативтік құжаттарды бұзғаны үшін;

10) Сабаққа алкогольдік немесе есірткілік мас күйінде келгені үшін;

11) Алкогольдік, есірткілік мас болу немесе өзге де үлгідегі улану жағдайын тудыратын заттарды пайдаланғаны үшін;

12) Университетте құмар ойындарына қатысқаны үшін;

13) ауыр зардаптарға әкеп соғуы мүмкін еңбекті қорғау немесе өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзғаны үшін;

14) Университет мүлкін бүлдіргені үшін;

15) Университет қабырғасында және одан тыс жерлерде қоғамға жат мінез-құлқы үшін (оның ішінде ҚР заңнамасының нормаларын бұзу ретінде сараланады).

16) Білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде оқыту құнын төлемегені үшін;

17) Өз еркімен (оның ішінде медициналық айғақтары бойынша, отбасы жағдайлары бойынша);

18) Басқа білім және ғылым ұйымына ауысуына байланысты;



19) Оқудың аяқталуына байланысты;

20) Білім алушының қайтыс болуына байланысты.

Оқу ақысы оқудан шығарылған күннен бастап тоқтатыла тұрады. Университеттен шығарылғысы келетін білім алушы Басқарма төрағасы - Ректордың атына себебін көрсете отырып, шығарылғаны туралы өтініш жазып, оны деканатқа ұсынуы тиіс.

Оқуға қабылдау кезінде ұсынылған алдыңғы білімі туралы құжаттардың түпнұсқалары барлық қол қоюшылар қол қойған айналым парағын көрсеткен кезде университеттен шығарылған резидент-дәрігерге беріледі.



1 қосымша

Оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Балдардың сандық баламасы	% мазмұны	5 балдық бағалау жүйесі бойынша бағалау
A	4,0	95-100	үздік
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

2 қосымша

Курстан курсқа көшу үшін үлгерімнің орташа балы (GPA)

Білім беру бағдарламасы	Курс	2025-2026 оқу жылы
Резидентура	1 курс	2,8
	2 курс	2,9
	3 курс	3,0



Дипломнан кейінгі білім беру факультеті қызметкерлерінің байланыс деректері

№	Аты-жөні	Лауазымы	Байланыс телефондары және электрондық пошталары
1.	Баймаханов Абылай Ниятович	Декан	338-70-90 (ішкі 7007) baimakhanov.a@kaznmu.kz
2.	Абжапарова Шалкар Алмабековна	Декан орынбасары	338-70-90 (ішкі 75-30) abzhaparova.s@kaznmu.kz
3.	Тезекбаева Гульзат Асылхановна	Декан орынбасары	338-70-90 (ішкі 75-30) tezekbayeva.g@kaznmu.kz
4.	Хабдин Курмет Елубаевич	Бас маман	338-70-90 (ішкі 70-54) khabdin.k@kaznmu.kz
5.	Даулетова Лаззат Суйндиқовна	Бас маман	338-70-90 (ішкі 75-21) dauletova.l@kaznmu.kz
6.	Аккожина Мирра Алтаевна	Бас маман	338-70-90 (ішкі 75-30) akkozhiba.m@kaznmu.kz
7.	Бихымова Карлыгаш Тажибаевна	Факультет хатшысы	338-70-90 (ішкі 75-24) bihymova.k@kaznmu.kz

«С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті»

КЕАҚ-ның орналасқан жері:

Мекен-жайы: Алматы қаласы

Төле би көшесі, 94,

тел. 8 (727) 338 70 90

Дипломнан кейінгі білім беру факультеті деканатының орналасуы мекенжайы:

Алматы қаласы, М.Мәметов көшесі, 3/13, Пушкин көшесінің қиылысы

тел. 338 70 90 (ішкі 7007,7530,7421,7424,7054)